



Автор: Мырзабай Джетимов

Пән: Химия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс

Тақырып: Қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.4.8-қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;
Сабақтың мақсаты:	Қышқылдардың жіктелуін білу және түсіну Қышқылдардың қасиеттерін білу және түсіну Қышқылдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
Тілдік мақсаттар:	Сабақ тақырыбына қатысты жаңа сөздер мен жаңа ұғымдар беріледі. Тақырыптағы терминдерді жетілдіруге, ресурс құрылуына назар аударылады.,
Күтілетін нәтиже:	Қышқылдардың химиялық қасиеттерін біліп, күнделікті өмірде қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	Қышқылдардың химиялық формуласын біледі. Қышқылдардың жіктелуін оңай ажырата алады, қышқылдардың физикалық және химиялық қасиеттерін үйренеді. Топтардағы бір-бірінің мүшелерімен тақырыптың мазмұнын түсіндіреді. Берілген кестені толтыра отырып, қышқылдардың формулаларын, атауларын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өз идеялары мен көзқарастарына ой тастайтын, жаңа идеяларға және көзқарастарға ашықтық Осыған дейін меңгерілген білім Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап береді, шағын диалогке қатысады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация, интернет ресурстары
Пәнаралық байланыс:	биология
Бастапқы білім:	Оксидтер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5-10 мин)	1.Сыныппен амандасу. Сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың сабаққа қатысуына көңіл бөлу. 2.Психологиялық ахуал туғызу «Өзіңізге тілегенді-басқаға тілеңіз» (Әр оқушы тілек ойлайды, жұптасып бір-біріне айтады) 3. Топқа бөліну. Сандар арқылы топқа бөліну Бір,екі,үш,төрт,бес деп санамалап бес топқа бөлуге болады, бірлер бір топ,екілер бір топ,үштер бір топқа,төрттер бір топ,бестер бір топтастырылады. 4.Сұрақ-жауап.Алдыңғы өтілген тақырып бойынша «Сұрақ ілмегі» әдісі Дағды: Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру. Сұрақ қою арқылы баланың сабақты қалай меңгергенін немесе меңгермеген жерлерін білуге болады. Керісінше оқушы өз ойын ашық жазып іліп кетуіне болады. Оксид деген не? Оксидтің қандай түрлері бар? Оксидтің химиялық қасиеттерін сипаттайтын қандай реакция теңдеулерін білесіңдер? Күтілетін жауаптар: 1.Оксид дегеніміз құрамы екі элементтен тұратын,оның бірі оттегі болып келетін күрделі зат. 2.Оксидтің үш түрі бар:негіздік,қышқылдық,екідайлы 3. Негіздік оксид сумен әрекеттеседі;негіздік оксид қышқылмен әрекеттеседі;қышқылдық оксид сумен әрекеттеседі;қышқылдық оксид негізбен әрекеттеседі; негіздік оксид пен қышқылдық оксид әрекеттеседі; Оқушының іс- әрекеті 1.Мұғаліммен амандасады. Сабаққа көңіл аударады. 2.Жұптасып, өзара, бір-біріне жақсы тілектер айтады. 3.Оқушылар топқа бөлінеді. 4.Оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді,сұрақтарды мұғалім қима қағаздарға дайындап әкеледі «Аяқталма ған сөйлем» тәсілімен өздерін өздері бағалайды. Маған...оңай болды. Маған....қиын болды.	
-------------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (30 минут)	1. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру. 1-тапсырма 1.Оқыту әдісі:Жеке жұмыс 2.Оқыту түрі: Ойын әдісімен (5-7минут) 3.Дағды:Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. Құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады. 4.Бағалау: Дескриптор арқылы 5.ЕББҚ бар оқушыда осы тапсырманы орындайды. Оқушылар, бәріміз мына ойынға қатысайық,сәйкестендіру ойыны: https://wordwall.net/ru/resource/37590499 осы ссыламен кірейік те,мына сұрақтардың жауаптарын іздейік: 1.Көңіл аударып қараңдар,осы формулаларда ең бірінші қай элемент,ең соңғы қай элемент ? 2. Осы формулаларда ортасында жазылған қай элемент ? 3.Енді ортадағы элемент арқылы қышқылдарды атап,сәйкестендіріңіздер. 5.Осы формулалардағы сутек атомының санына қарай қышқылдарды жіктеңіздер. Келесі ойын: https://wordwall.net/ru/resource/37591307 Осында кірейік те, мына сұрақтардың жауаптарын іздейік: 1.Случайное колесо айналдырамыз,қай қышқылдың формуласы түсті,құрамында қандай элементтер бар,қалай жіктеуге болады,алдыңғы ойындағымен салыстырғанда формулаларда қандай ерекшелік бар? 2.Қышқылды тағы қалай жіктеуге болады? Бағалау критерийі: Дескриптор лар: Балл: -қышқылдар дың жіктелуін біледі, және түсінеді; 1.Сәйкестендіру ойыны арқылы қышқылдардың формулаларын атымен сәйкестендіреді. 2. Қышқылды сутек атомының санына қарай қышқылдарды жіктейді. 3.Дөңгелекті айналдыру арқылы қышқылдарды оттекті және оттексіз түрлеріне жіктейді. 1 1 1 2-тапсырма Функционалдық сауаттылыққа берілген тапсырма. 1.Оқыту әдісі:Топпен жұмыс (5-7минут) 2.Оқыту түрі: Пікірлер базары әдісі 3.Дағды: Оқыған мәтіні бойынша өз ойларына талдау жасауға,ойын жинақтауға дағдыланады. Пән бойынша алған білімі мен өмір арасындағы байланысты түсінеді. 4.Бағалау: Дескриптор арқылы 5.ЕББҚ бар оқушыға жауапқа қажетті сөздер беріледі. Бұл тапсырмалар құзіреттілігі жағынан идея сұрыптау және бағалау; Жағдаят жағынан жеке. Мәтін түрі:тұтас емес. Контекст:денсаулыққа арналған. Когнитивті деңгейі:төмен. Жұмыс түрі:интерактивті тақта арқылы. Тапсырма формасы:ашық. №1мәтін Көбіміздің мандарин мен цитрус жемістерін сүйіп жейтініміз жасырын емес. Себебі олардың құрамында С дәрумені көп. Цитрус жемістері пайдалы . Апельсин құрамында аскорбин қышқылының (С дәрумені) тәуліктік мөлшері бар екендігі бәрімізге аян. Сұрақ: Аскорбин қышқылының қандай пайдасы бар?Күтілетін жауап: Ол жалпы иммунды жүйені жақсартып, түрлі ауруларға тосқауыл болады. ЕББҚ бар оқушыға берілетін сөздер:иммунитет,ағзаның әр түрлі ауруларға қарсы тұра алу қабілеті №2 мәтін Лимон - жыл бойы жасыл ағаштың жемісі. Лимон асқазандағы қорытуға көмектесетін заттардың бөлінуіне әсер етіп, ағзаға темір мен кальцийдің сіңіруін жеңілдетеді. Өзі қышқыл болғанына қарамастан, ол асқазан суларының қышқылдығын төмендетеді. Әрине лимон құрамындағы С дәрумені бар. Сұрақ:Осы жемістерден қышқылға сәйкес қандай физикалық қасиетті байқай аласыңдар?Күтілетін жауап: Қышқыл ерітінділерінің қышқыл дәмі болады. Мысалы, көптеген жемістердің дәмінің қышқыл болуы құрамында қышқылдардың кездесуіне байланысты. ЕББҚ бар оқушыға берілетін сөздер:лимонның дәмі Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Бағалау критерийі: Дескриптор лар: Балл: -қышқылдар дың қасиеттерін біледі және түсінеді; 1.Оқушылар аскорбин қышқылының пайдасын айтады. 2.Оқушылар қышқылдарда қышқылдық дәм болатынын атайды. 1 1 3-тапсырма 1.Оқыту әдісі:Жүппен жұмыс (10-15минут) 2.Оқыту түрі: Ойлан,бірік,бөліс әдісі 3.Дағды: Ойларымен бөлісуге, ынтымақтастықты дамытуға, ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жанындағы оқушымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға дағдыланады. 4.Бағалау: Дескриптор арқылы 5.ЕББҚ бар оқушыға беріледі: $Zn + H_2SO_4 = \dots + ZnSO_4$ $Fe_2O_3 + H_2SO_4 = H_2O + \dots$ $NaOH + HCl = NaCl + \dots$ $BaCl_2 + H_2SO_4 = HCl + \dots$ $Fe(OH)_2 + H_2SO_4 = Fe\dots + H_2O$ $MgO + HCl = Mg\dots + H_2O$ $Ca + H_3PO_4 = \dots(PO_4)_2 + \dots$ $AqNO_3 + HCl = \dots Cl + \dots NO_3$ қышқылдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыр: Оқушыларға лайын күйінде беріледі,олар жазып алады,әрбір	https://wordwall.net/ru/resource/37590499 https://wordwall.net/ru/resource/37591307
---------------------------------------	---	---

Сабақтың соңы (1 минут)	Үй жұмысы: №8 162-бет	
Рефлексия (4 минут)	Рефлексия. (3-5минут) «Менің сабақтан кейінгі әсерім»: Нені түсіндім? Нені түсінбе-дім? Менің ұсынысым: Оқушылар осы кестені толтыру арқылы бүгінгі сабағынан не үйренгендігін анықтайды.	